

# 24 НАУРЫЗ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТУБЕРКУЛЕЗГЕ

## ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасымен 1993 жылдан бастап туберкулез жаһандық проблема болып жарияланды. Содан бері, жыл сайын 24 наурыз Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні аталып өтеді. ДДҰ мәліметтері бойынша, туберкулез бүкіл әлемде өлім себептерінің ондығына кіреді. Есепке сәйкес, 2018 жылы әлем бойынша 10 миллионға жуық адам туберкулезбен ауырған. Бұл ауру, оның берілу жолдары және өзін және жақындарын қалай қорғау керектігі туралы біздің пайдалы инфографикамыздан қараңыз.

